

ХАЛЫҚТАР ГЕОГРАФИЯСЫ МЕН СТАТИСТИКА: ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

ТІЛЕКОВА Ж.Т. , ПОЛАТОВА Д.М. *

Тілекова Жанна Тілековна - География ғылымдарының кандидаты, PhD, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: tilek_zhanna@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2342-8248>

***Полатова Динара Мелсқызы** - Магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: dinara2512p@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0005-9956-8038>

Аңдатпа. Халықтар географиясы әлеуметтік-экономикалық географияның бір бөлімі ғана емес, әлем халықтарының барлық демографиялық көрсеткіштерін есепке алатын негізгі саласы болып табылады. Бұл мақалада Қазақстандағы халықтар географиясының таралуын статистикалық әдістер негізінде зерттеу мәселесі қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – халықтардың географиялық таралу заңдылықтарын анықтау және әлеуметтік-экономикалық факторлардың қоныстану құрылымына қалай әсер ететінін, ғылыми тұрғыдан бағалау. Халықтар географиясын оқыту барысында статистикалық мәліметтермен жұмыс жасау, аймақтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеруге көмектеседі. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының халық санағы материалдары, Ұлттық статистика бюросының ресми демографиялық деректері және халықаралық ұйымдардың статистикалық мәліметтері пайдаланылды. Зерттеу тәжірибесі барысында корреляциялық талдау жұмыстары, салыстырмалы талдау әдісі пайдаланылды. Алынған нәтижелер Қазақстан аумағында халықтың біркелкі қоныстанбағанын, оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлерде халық тығыздығының жоғары екенін, ал солтүстік және орталық аймақтарда халық санының азаю үрдісі байқалатынын көрсетті. Сонымен қатар этникалық құрамның аумақтық ерекшеліктері мен ішкі көші-қон бағыттары анықталып, урбанизация деңгейінің ірі қалаларда қарқынды өсіп отырғаны дәлелденді. Зерттеу нәтижелері негізінде аймақтық даму саясатын жетілдіруге, көші-қонды реттеу тетіктерін оңтайландыруға және әлеуметтік инфрақұрылымды жоспарлауға арналған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Ал, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясатты оңтайландыру үшін аса маңызды демографиялық құрылым болып табылады.

Түйін сөздер: халықтар географиясы, демографиялық үрдістер, статистикалық талдау, көші-қон, урбанизация, этникалық құрам.


Кіріспе

Халықтар географиясы - бұл халықтардың таралуы, құрылымын олардың өмір сүру жағдайларын, урбанизация, көші-қон, демографиялық жағдайларды зерттейтін география ғылымының бір саласы. Халықтар географиясы дүниежүзіндегі әрбір аймақтағы халықтардың тарихи, мәдени, әлеуметтік-экономикалық, табиғи жағдайларға т.б. орналасуын зерттейтін география ғылымының бір саласы. Халықтар географиясы 19 ғасырдың бірінші жартысында қалыптасып, 20 ғасырда жеке дербес ғылым саласына айналды. Геосаясатшы ғалым Ф.Ратцель өзінің «Народоведение» атты кітабында: халықтарды тірі организм деп көрсетіп, өмір сүруіне қажет болатын кеңістік орта мен ресурстардың маңызды екенін айтады. Ф.Ратцель: халықтың тіршілік етуі мен оның даму жолы табиғи жағдайларға байланысты, сонымен қатар мәдени және әлеуметтік үрдістер де географиялық ерекшеліктерге әсер етеді, - деп жазды [1, 312]. Экономист Ұ.Молдашұлы «Қазақстан қалалары:әлеуметтік-экономикалық мәселер» атты монографиялық еңбегінде урбанизация процессінің халықтар географиясының дамуындағы рөліне сипаттама береді, ауыл және қала халқы арасындағы әлеуметтік теңсіздік, инфрақұрылым, демографиялық ахуалдың қала дамуына әсері жайлы айтады [2, 62]. Қазақстан жағдайында да халықтар географиясын зерттеу,талдау жұмыстары ерекше маңызға ие. Себебі, ел аумағының үлкен болуы, аймақтар арасындағы табиғи-климаттық жағдайлардың ерекшелігі мен айырмашылықтары және облыстар арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің әртүрлілігі т.б. жағдайлар халықтардың орналасуына және аймақтар бойынша таралуына тікелей әсер етіп отыр. Сонымен қатар, Кеңістік дәуірінде орын алған саяси жағдайлар, екінші дүниежүзілік соғыс, миграция

География және геоэкология-география и геоэкология-geography and geocology мәселелері, қандастарымыздың өз Отанына қайта оралуы, мемлекетіміздің Егемендік алуы да халықтың қоныстану жағдайына тікелей әсер етті. Орын алған соңғы өзгерістерді кешенді түрде сипаттау үшін статистикалық мәліметтердің маңызы жоғары. Соңғы жылдары ел аумағындағы халықтардың таралу ерекшелерін сипаттайтын зерттеулер саны артқанымен, олардың көбі тек сипаттамалық деңгейде ғана көрсетіліп, нақты статистикалық әдістерді қолдану тәжірбиесі дұрыс қолданылмай келеді. Сол себепті халықтардың әрбір аймақ бойынша орналасу жағдайларын, тығыздығын сонымен қатар урбанизация үрдістерін сандық негізде нақты сипаттап көрсету ғылыми және практикалық тұрғыда өзекті болып табылады. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың орналуы мен аумақтық саясат, өңірлік даму мәселелеріне ерекше маңыз аударды. «Қазақстан-2050» стратегиялық жоспары аясында қалалар мен өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымды дамыту, демографияны арттыру қажеттіліні айқындайды. Бұл ұзақ мерзімді стратегиялық жоба аясында халықтардың ел аумағы бойынша біркелкі орналасу, қоныс аударудың оңтайлы шешілуі, өңірлік инфрақұрылымды дамыту мәселесін көтереді. 2020 жылы Қазақстан халқына жолдауында Президент аймақтардағы әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттердің қаржылық мүмкіндігін арттыруды тапсырды, бұл халықтың тұрақты орналасуына әсер ететін факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Осы негізде ел аумағында «Қуатты өңірлер-ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы жүзеге асырылды [3]. Қазақстанның халықтар географиясын статистикалық тұрғыдан зерттеу қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық даму үдерістерін терең түсінудің маңызды ғылыми бағыты болып табылады [4]. Ел аумағының ауқымдылығы, табиғи-географиялық жағдайларының алуан түрлілігі және тарихи қалыптасқан көші-қон үдерістері халықтың кеңістікте орналасу сипатына тікелей ықпал етеді [5]. Қазақстан Еуразия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан, жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын мемлекет ретінде демографиялық көрсеткіштері мен этникалық құрылымының күрделілігімен ерекшеленеді [6]. Мұндай ерекшеліктер халықтар географиясын кешенді әрі дәлелді түрде талдауды талап етеді, ал бұл өз кезегінде статистикалық әдістердің қолданылуын ғылыми тұрғыда негіздейді.

Қазақстан халқы көп этносты құрылымымен сипатталады. Ел аумағында жүзден астам этникалық топ өкілдері өмір сүреді, олардың кеңістікте таралуы тарихи қоныстану аймақтарына, экономикалық орталықтардың дамуына және көші-қон ағындарына байланысты қалыптасқан. Урбанизация деңгейінің аумақтық айырмашылықтары да халық географиясының маңызды қыры болып табылады. Ірі қалаларда халықтың тығыз шоғырлануы байқалса, ауылдық және шөлейт аймақтарда қоныстану сирек сипатқа ие. Бұл жағдай әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы, еңбек ресурстарының орналасуы және аймақтық теңсіздіктің көрінісі ретінде бағаланады. Демографиялық көрсеткіштердің (табиғи өсім, жас-жыныс құрылымы, көші-қон балансы) аумақ бойынша әркелкі болуы Қазақстандағы халықтың географиялық ұйымдасуын ғылыми талдаудың өзектілігін арттыра түседі.

Есепті кезеңдегі халық санының өсімі (жалпы), 2017 жыл



Сурет 1. Қазақстан халқының этникалық құрамының үлестік көрсеткіштері (%)

Зерттеу материалдары және әдістері

Халықтар географиясын зерттеуде статистикалық әдістердің рөлі айрықша. Статистикалық деректер халықтың саны, оның тығыздығы, этникалық құрамы, көші-қон қозғалысы және урбанизация деңгейі сияқты негізгі көрсеткіштерді сандық тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді. Деректерді жинау, жүйелеу және өңдеу арқылы аумақтық айырмашылықтарды анықтап, динамикалық өзгерістерді салыстырмалы талдау жүзеге асырылады. Сандық көрсеткіштерді қолдану зерттеу нәтижелерінің дәлдігін арттырып, субъективті бағалауларды азайтады. Сонымен қатар статистикалық талдау әдістері халықтың географиялық құрылымын модельдеуге, болашақтағы демографиялық үрдістерді болжауға және аймақтық даму стратегияларын ғылыми негізде ұсынуға жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның халықтар географиясын статистикалық әдістер арқылы зерттеу тек демографиялық жағдайды сипаттаумен шектелмей, әлеуметтік-экономикалық процестердің кеңістіктік заңдылықтарын ашуға бағытталған кешенді ғылыми міндет болып табылады. Мұндай зерттеу нәтижелері аймақтық саясатты жетілдіруге, көші-қонды реттеуге, урбанизация үрдістерін оңтайландыруға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға арналған ғылыми ұсыныстар әзірлеуге негіз болады [6]. Қазақстандағы халықтың географиялық таралу заңдылықтарын статистикалық деректер негізінде анықтау және әлеуметтік-экономикалық факторлардың қоныстану құрылымына ықпалын ғылыми тұрғыдан бағалау маңызды. Зерттеуді жоспарлау барысында зерттеу объектісі ретінде Алматы облысы Қаскелең қаласы қарастырылды. Себебі, Қаскелең қаласы халық саны жыл сайын артып жатқандығымен, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің өзгерістердің жиі орын алатындығымен, қала халқының урбандалуға жиі ұшырауы негіз болды. Зерттеу барысында сандық деректерге сүйенетін кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылды. Зерттеудің дереккөздері ретінде Қазақстан Республикасының халық санағы материалдары, Ұлттық статистика бюросының ресми демографиялық мәліметтері, аймақтық әлеуметтік-экономикалық есептер және әлеуметтік зерттеулер нәтижелері пайдаланылды. Аталған деректер халық саны, тығыздығы, этникалық құрамы, көші-қон көрсеткіштері және урбанизация деңгейі туралы жан-жақты ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Деректерді өңдеу мен талдау барысында статистикалық және географиялық әдістердің үйлесімді жүйесі қолданылды. Халық санының уақыт бойынша өзгеруін анықтау үшін динамикалық қатарларды талдау әдісі пайдаланылды. Аналитикалық әдіс демографиялық өсім мен кему үрдістерін кезеңдер бойынша салыстыруға негіз бола алады. Қаскелең қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайын бақылау үшін түрлі көрсеткіштерді талданды. Әлеуметтік мәселелер (тұрғын үй жағдайы, жұмыссыздық деңгейі, денсаулық сақтау, білім

География және геоэкология-география и геоэкология-geography and geocology беру) мен экономикалық көрсеткіштер (жалақы көлемі, кәсіпкерлік белсенділік, инфрақұрылым деңгейі) сарапталып, қаланың негізгі мәселелері анықталды. Қаладағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау үшін Алматы облысының ресми статистикалық деректері қолданылды [7]. Жұмыссыздық деңгейі, халықтың табысы, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығындағы ахуал сынды негізгі көрсеткіштер талданды. Сонымен қатар, Қаскелең қаласының басқа қалалармен салыстырмалы түрде дамуын зерттеу үшін статистикалық мәліметтер пайдаланды. Әлеуметтік және экономикалық мәселелердің өзара байланысын анықтау мақсатында кешенді зерттеу әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы қаланың әлеуметтік құрылымын, экономикалық жағдайын және мәдени аспектілерін біртұтас жүйе ретінде талдауға мүмкіндік берді.

Халықтар географиясын зерттеп, талдау жұмыстары барысында төмендегі кестеде көрсетілген әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Өрбір әдіс теориялық және практикалық тұрғыда маңызға ие болып табылады. Өр әдістің практикалық негізде пайдалануы үшін артықшылығымен кемшілігін көрсетілді.

Кесте 1. Қазақстандағы халықтар географиясын зерттеуде қолданылатын әдістердің сипаттамасы


Әдіс	Мақсаты	Артықшылығы	Кемшілігі
Деректерді жинау (халық санағы, демографиялық статистика)	Халық саны, тығыздығы, этникалық құрамы туралы мәлімет алу	Сенімді, ресми дереккөздерге негізделеді	Уақыт жағынан кешігіп жариялануы мүмкін
Салыстырмалы-статистикалық талдау	Аймақтар арасындағы демографиялық айырмашылықтарды анықтау	Аймақтық ерекшеліктерді нақты көрсетеді	Кейбір әлеуметтік факторларды толық қамтымайды
Динамикалық қатарларды талдау	Халық санының уақыт бойынша өзгеруін анықтау	Демографиялық үрдістерді бақылауға мүмкіндік береді	Қысқа мерзімді өзгерістерді толық ашпайды
Корреляциялық және регрессиялық талдау	Әлеуметтік-экономикалық факторлардың ықпалын бағалау	Себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды	Барлық факторларды толық қамту мүмкін емес
Үлестік көрсеткіштерді есептеу	Этникалық құрамның аумақтық таралуын анықтау	Ұлттық құрамды салыстыруға мүмкіндік береді	Мәдени ерекшеліктерді толық сипаттамайды
Картографиялық әдіс (GIS)	Халықтың орналасуын картада көрсету	Көрнекілік, аймақтық айырмашылықтарды айқын көрсетеді	Техникалық бағдарламаларды қажет етеді
Математикалық модельдеу	Болашақ демографиялық өзгерістерді болжау	Болжам жасауға мүмкіндік береді	Болжам дәлдігі деректер сапасына тәуелді

Нәтижелер және оларды талқылау

Қаскелең қаласында соңғы ресми статистикалық деректер бойынша 2023 жылғы мәліметтер аясында халық саны 82 мыңнан асты, ұлттық құрамы жағынан халықтың 72%-ы қазақтар [8]. Қала аумағында жыл сайын халық санының артуы байқалуда, бұл дегеніміз қала аумағында көші-қон артып жатқанының айқын дәлелі. Урбанизацияның артуы еңбек нарығының кеңеюімен, жоғары оқу орындарының шоғырлануымен және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы арқылы түсіндіріледі. Статистикалық мәліметтер бойынша, қала халқының үлесі жыл сайын артып, ауыл халқының үлесі керісінше төмендеу үрдісін көрсетуде. Ауылдық жерлердегі демографиялық жағдай өзіндік ерекшеліктерге ие. Ауылдық

География және геоэкология-география и геоэкология-geography and geoeology аймақтарда халықтың қартаюы, жастардың қалаға көшуі және табиғи өсімнің төмендеуі байқалады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей Қаскелең қаласында жыл сайын ішкі көші-қонның артып жатқандығы байқалады. Жыл сайын қала аумағына 15 мыңға жуық отбасы көшіп келсе, 3000 мыңға жуық адам көшіп кетеді [8].

2023 жылы саны (адам) относительно Көші-қон типі



Кесте 2. Қаскелең қаласының көші-қон типі.

Ішкі көші-қон қозғалысын талдау негізгі ағымдардың ауылдық өңірлерден ірі қалаларға бағытталғанын көрсетті. Бұл үрдіс әсіресе жастар арасында айқын байқалады. Жұмыс орындарының шоғырлануы, білім алу мүмкіндіктерінің кеңдігі және өмір сапасының жоғары болуы көші-қонның басты себептері ретінде анықталды. Корреляциялық талдау нәтижелері көші-қон қарқыны мен экономикалық даму деңгейі арасында тікелей байланыс бар екенін көрсетті. Экономикалық тұрғыдан дамыған өңірлерде халық санының өсуі тұрақты сипатқа ие.

Зерттеу барысында халық тығыздығы мен әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы арасында өзара тәуелділік анықталды. Денсаулық сақтау, білім беру және көлік жүйесі жақсы дамыған аймақтарда халықтың тұрақтануы және өсімі байқалады. Ал инфрақұрылымы әлсіз өңірлерде көші-қонның теріс сальдосы қалыптасқан. Бұл жағдай аймақтық даму бағдарламаларын ғылыми негізде жоспарлаудың қажеттілігін айқындайды. Диагностикалық талдау әдісі арқылы халықтың демографиялық жағдайы бірнеше көрсеткіш бойынша бағаланды: халық тығыздығы, урбанизация деңгейі, этникалық құрылым және көші-қон балансы. Осы көрсеткіштердің жиынтық бағасы Қазақстан аумағында демографиялық даму деңгейі әрқелкі екенін көрсетті. Кейбір аймақтарда тұрақты өсім байқалса, басқа өңірлерде демографиялық құлдырау үрдісі сақталуда. Бұл айырмашылықтар әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің кеңістіктік көрінісі ретінде сипатталады. Алынған нәтижелер халықтар географиясын зерттеуде статистикалық әдістердің жоғары тиімділігін дәлелдейді. Сандық деректерге негізделген талдау аймақтық айырмашылықтарды нақты көрсетіп, демографиялық үрдістердің себеп-салдарлық байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар картографиялық және графикалық тәсілдер алынған нәтижелерді көрнекі түрде ұсынуға жағдай жасайды. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Қазақстан аумағында халықтың орналасуы тарихи, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторлардың өзара

География және геоэкология-география и геоэкология-geography and geocology ықпалы арқылы қалыптасатынын көрсетеді. Оңтүстік өңірлерде халықтың тығыздығы мен табиғи өсім жоғары болса, солтүстік және орталық аймақтарда халық санының азаю үрдісі байқалады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Қаскелең қаласы аумағында демографиялық өзгерістерге халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы арасындағы тығыз байланысын көрсетті. Қала аумағындағы көші-қонның артуына байланысты қала аумағындағы инфрақұрылымның жаңаруы, жаңа жұмыс орындарының ашылуы, сапалы қызмет көрсетулер, аумақтың облыс ішіндегі басқа аймақтардан ерекшелігі жыл сайынғы статистикалық өзгерістердің орын алуына негіз болатынын көрсетті. Урбанизация деңгейінің артуы ірі қалалардың демографиялық тартымдылығын күшейтіп, ауылдық жерлерде әлеуметтік-демографиялық мәселелердің ушығуына алып келуде. Осы талдау негізінде Қазақстандағы халықтар географиясын болашақта зерттеу барысында аймақтық даму саясатын, көші-қонды реттеу шараларын және әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіруді кешенді түрде қарастыру қажеттілігі туындайды. Статистикалық деректерге сүйенген ғылыми талдау халықтың кеңістіктік дамуын тиімді басқаруға және аймақаралық теңсіздікті азайтуға бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді [9]. Нәтижелер мен талдау Қазақстанның халықтар географиясы күрделі әрі көпқырлы құбылыс екенін дәлелдейді. Халықтың тығыздығы, этникалық құрылымы және урбанизация деңгейі аумақтық айырмашылықтар арқылы айқындалып, әлеуметтік-экономикалық даму үрдістерімен тығыз байланысты екені статистикалық деректер арқылы нақты көрсетілді. Мұндай кешенді талдау Қазақстандағы демографиялық кеңістіктің қазіргі жағдайын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге және болашақ даму бағыттарын болжауға негіз болады [7]. Ауылдық аймақтарда халық санының баяу төмендеуі байқалады. Бұл үрдіс ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурстарына сұраныстың азаюымен және жастардың білім алу мақсатында қалаға көшуімен байланысты. Сонымен қатар ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылымның жеткіліксіздігі көші-қонды күшейтетін фактор ретінде анықталды. Географиялық ақпараттық жүйелер (GIS) негізінде жасалған карталар халықтың тығыздығы, көші-қон бағыттары және урбанизация аймақтарын көрнекі түрде көрсетті. Бұл картографиялық диагностика нәтижелері демографиялық үрдістердің аймақтық айырмашылықтарын нақтылауға мүмкіндік берді.




График 1 – Қазақстандағы урбанизация деңгейінің өзгерісі (1990–2021 жж.)

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы халықтардың географиялық таралуы тарихи, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторлардың өзара ықпалы арқылы қалыптасатынын дәлелдейді. Алынған деректер басқа ғалымдардың еңбектерімен салыстырғанда ұқсас заңдылықтарды көрсетеді. Мысалы, Қазақстандағы көші-қон мен урбанизацияны зерттеген демографиялық зерттеулерде де оңтүстік өңірлерден ірі қалаларға бағытталған ішкі көші-қонның басымдығы атап өтілген. Халық тығыздығының оңтүстік өңірлерде жоғары болуы табиғи өсімнің жоғарылығымен және еңбек ресурстарының шоғырлануымен байланысты екені бұрынғы зерттеулерде де дәлелденген. Солтүстік

аймақтардағы халық санының азаюы экономикалық бейімделу қиындықтарымен және климаттық факторлармен түсіндіріледі, бұл қазіргі зерттеу нәтижелерімен толық сәйкес келеді. Этникалық құрамның аумақтық айырмашылықтары тарихи қоныстану саясатының салдары ретінде бағаланады. Басқа зерттеулерде де қазақ халқының үлесінің артуы тәуелсіздік жылдарындағы демографиялық өзгерістермен және көші-қон үдерістерімен байланысты екені көрсетілген. Урбанизация деңгейінің өсуі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды индикаторы болып табылады. Қалаларға шоғырлану білім беру мен еңбек нарығының кеңеюімен қатар жүріп, аймақтық теңсіздіктің күшеюіне де ықпал етеді. Бұл жағдайды көптеген ғалымдар Қазақстандағы аймақтық даму саясатымен байланыстырады. Зерттеу нәтижелерін талқылау барысында статистикалық әдістердің жоғары тиімділігі дәлелденді. Графиктер, диаграммалар және карталар арқылы алынған нәтижелер демографиялық үрдістерді көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар корреляциялық және регрессиялық талдау әлеуметтік-экономикалық факторлардың халықтың орналасуына әсерін сандық түрде негіздеуге жағдай жасады. Осылайша, алынған нәтижелер Қазақстандағы халықтар географиясын зерттеуде статистикалық деректер мен географиялық әдістерді біріктіре қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл зерттеу аймақтық даму бағдарламаларын ғылыми негізде жоспарлау, көші-қон саясатын жетілдіру және урбанизация үрдістерін басқару үшін маңызды практикалық мәнге ие.

Әдебиеттер тізімі

1. Ратцель, Ф. Народоведение / Пер. со второго, совершенно переработанного нем. изд., с разрешения издателей подлинника, с библиогр. указ. и доп. Д.А. Коропчевского. 2-е изд. со стереотипа. [В 2 т.]. Т. 1–2. СПб.: Книгоиздательское т-во «Просвещение», 1902. с. 887
2. Молдашұлы Ұ. Қазақстан қалалары: әлеуметтік-экономикалық мәселелер. Алматы: Ғылым, 2019. 300 б.
3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК [электрондық ресурс] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000729>. (қаралу күні 10.04.2026)
4. Социально-экономическое развитие Республики Казахстан в январе-феврале 2026 года [электронный ресурс] <https://stat.gov.kz/upload/iblock/3bb%20pdf> (дата обращения 22.02.2026)
5. Тулешова Ш. Қазақстанда 10 жылда алғаш рет көші-қон ағыны ұлғайды: уақытша өсім бе әлде үрдіс пе? [электрондық ресурс] https://eri.kz/kz/Novosti_instituta/id=7153 (қаралу күні 19.02.2026)
6. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. «Казахстанский путь — 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», 17 января 2014 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.akorda.kz/kz> (дата обращения 19.02.2026)
7. Nysupova, G.N., Brade, I., & Tajieva, D.A. (2019). Socio-Demographic Aspect of Quality of Life Analysis of the Population of the Republic of Kazakhstan. Journal of Geography and Environmental Management, 51(4), 18–26. Retrieved from <https://bulletin-geography.kaznu.kz/index.php/1-geo/article/view/721> (date of request 19.02.2026)
8. Government of the Republic of Kazakhstan. (2023). [electronic resource] <https://www.gov.kz/uploads/2023/3/16/> (date of request 19.02.2026)
9. Seitkhamzina, G.Zh., Bekenova, L.M., Akhatova, E.Kh., & Velesko, S.E. (2023). Development of Urbanization in Kazakhstan in the Post-Pandemic Period. Statistics, Accounting and Audit, 1(88), 06-12. DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2023-1.01>

References

1. Ratcel', F. Narodovedenie / Per. so vtorogo, sovershenno pererabotannogo nem. izd., s razresheniya izdatelej podlinnika, s bibliogr. ukaz. i dop. D.A. Koropchevskogo. 2-e izd. so stereotipa. [V 2 t.]. Т. 1–2. SPb.: Knigoizdatel'skoe t-vo «Prosveshchenie», 1902. s. 887
2. Moldaşұly Ū. Qazaqstan qalalary: әleumettik-ekonomikalыq мәseleler. Алматы: Ғылым,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы, №2 (84), маусым 2026
География және геоэкология-география и геоэкология-geography and geocology
2019. 300 b.

3. Qazaqstan Respublikasy Ädilet ministrліginiñ «Qazaqstan Respublikasynyñ Zañnama jäne qūyqytq aqparat instituty» ŞJQ RMK [elektronдық resurs] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000729> (qaralu küni 10.04.2026)

4. Social'no-ekonomicheskoe razvitie Respubliki Kazahstan v yanvare-fevrale 2026 goda [elektronnyj resurs] <https://stat.gov.kz/upload/iblock/3bb%20pdf> (data obrashcheniya 22.02.2026)

5. Tuleşova Ş. Qazaqstanda 10 jylda alğaş ret köşi-qon aғыny ũlğaidy: uaqytşa ösim be äld ürdıs pe? [elektronдық resurs] https://eri.kz/kz/Novosti_instituta/id=7153 (qaralu küni 19.02.2026)

6. Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan N. Nazarbaeva narodu Kazahstana. «Kazahstanskij put' — 2050: Edinaya cel', edinye interesy, edinoe budushchee», 17 yanvarya 2014 g. [Elektronnyj resurs]. — Rezhim dostupa: <http://www.akorda.kz/kz> (data obrashcheniya 19.02.2026)

7. Nysupova, G.N., Brade, I., & Tajieva, D.A. (2019). Socio-Demographic Aspect of Quality of Life Analysis of the Population of the Republic of Kazakhstan. Journal of Geography and Environmental Management, 51(4), 18–26. Retrieved from <https://bulletin-geography.kaznu.kz/index.php/1-geo/article/view/721> (date of request 19.02.2026)

8. Government of the Republic of Kazakhstan. (2023). [electronic resource] <https://www.gov.kz/uploads/2023/3/16/> (date of request 19.02.2026)

9. Seitkhamzina, G.Zh., Bekenova, L.M., Akhatova, E.Kh., & Velesko, S.E. (2023). Development of Urbanization in Kazakhstan in the Post-Pandemic Period. Statistics, Accounting and Audit, 1(88), 06-12. DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2023-1.01>

ГЕОГРАФИЯ НАРОДОВ И СТАТИСТИКА: МЕТОДОЛОГИЯ И ПРАКТИКА ИССЛЕДОВАНИЯ

ТИЛЕКОВА Ж.Т. , ПОЛАТОВА Д.М. * 

Тилекова Жанна Тилековна - Кандидат географических наук, PhD, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

E-mail: tilek_zhanna@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2342-8248>

***Полатова Динара Мелксызы** - Магистрант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

E-mail: dinara2512p@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0005-9956-8038>

Аннотация. География народов — это не просто раздел социально-экономической географии, но и основная отрасль, учитывающая все демографические показатели народов мира. В данной статье рассматривается вопрос исследования распределения народов Казахстана на основе статистических методов. Основная цель исследования — выявить закономерности географического распределения народов и научно оценить, как социально-экономические факторы влияют на структуру расселения. Изучение географии народов с использованием статистических данных способствует повышению социально-экономического потенциала региона. В ходе исследования использовались материалы переписи населения Казахстана, официальные демографические данные Национального статистического бюро и статистические данные международных организаций. В процессе исследования применялись корреляционный и сравнительный методы анализа. Полученные результаты показали, что на территории Казахстана население распределено неравномерно, с высокой плотностью населения на юге и юго-востоке страны, в то время как на севере и в центральных регионах наблюдается тенденция к сокращению численности населения. Также были выявлены территориальные особенности этнического состава и внутренней миграции, а также доказано, что уровень урбанизации активно растет в крупных городах. На основе результатов исследования можно разработать научно обоснованные рекомендации по совершенствованию региональной политики, оптимизации механизмов регулирования миграции и планированию социальной инфраструктуры. Это, в свою очередь, является важной демографической структурой для оптимизации государственной политики.

Ключевые слова: география народов, демографические процессы, статистический анализ, миграция, урбанизация, этнический состав.

GEOGRAPHY OF NATIONS AND STATISTICS: METHODOLOGY AND RESEARCH PRACTICE

TILEKOVA ZH.T. , POLATOVA D.M. 

Tilekova Zhanna Tilekova - Candidate of geographical sciences, PhD, associate professor, Kazakh National pedagogical Abai university, Almaty, Kazakhstan

E-mail: tilek_zhanna@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2342-8248>

***Polatova Dinara Melskyzy** - Master's student, Kazakh National pedagogical Abai university, Almaty, Kazakhstan

E-mail: dinara2512p@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0005-9956-8038>

Abstract. The geography of peoples is not just a part of socio-economic geography, but also the main field that takes into account all the demographic indicators of the world's peoples. This article examines the issue of studying the distribution of peoples in Kazakhstan based on statistical methods. The main goal of the research is to identify the patterns of geographic distribution of peoples and scientifically assess how socio-economic factors affect settlement structures. Studying the geography of peoples using statistical data contributes to increasing the socio-economic potential of the region. During the research, materials from the population census of Kazakhstan, official demographic data from the National Statistics Bureau, and statistical data from international organizations were used. Correlation and comparative analysis methods were applied during the research process. The results showed that the population in Kazakhstan is unevenly distributed, with a high population density in the southern and southeastern regions of the country, while in the northern and central regions, there is a trend of population decline. Additionally, territorial features of the ethnic composition and internal migration patterns were identified, and it was proven that the level of urbanization is rapidly growing in large cities. Based on the results of the research, scientifically grounded recommendations can be developed to improve regional policy, optimize migration regulation mechanisms, and plan social infrastructure. This, in turn, is an important demographic structure for optimizing state policy.

Key words: population geography, demographic processes, statistical analysis, migration, urbanization, ethnic composition.